



**Указания о порядке заполнения форм  
государственной статистической отчетности  
2-УСЛУГИ Годовая "Отчёт предприятий об оказанных услугах".**

**1. Общие положения.**

**1.1. Услуги** – деятельность, направленная на удовлетворение каких-либо потребностей человека или общества в целом, осуществляемая производителями по заказу потребителей и ведущая к изменению состояния единиц, потребляющих эти услуги.

Под услугами понимается огромное многообразие видов деятельности и коммерческих занятий, результаты которых не воплощаются в материально-вещественной форме и не создают новых потребительских стоимостей (новых средств производства и предметов потребления).

Реализация услуг и их производство неотделимы друг от друга. Момент завершения производства услуг совпадает с моментом их предоставления потребителям.

Услуги являются объектом купли-продажи, где издержки производителя (оказывающей стороны) полностью или в значительной мере покрываются за счёт выручки от их реализации, за счёт средств государственного бюджета, добровольных взносов или государственной социальной программы, а также средств предприятий и населения.

**Статистическую отчетность по форме № 2-УСЛУГИ годовая** представляют юридические лица, а также их филиалы, независимо от численности работающих, с основным видом деятельности в сфере услуг, связанных с недвижимым имуществом (раздел ОКЭД 70), арендой машин и оборудования без оператора (раздел ОКЭД 71), вычислительной техникой (раздел ОКЭД 72), услугами в области исследований и разработок (раздел ОКЭД 73), предоставления прочих видов услуг потребителям (раздел ОКЭД 74), удаления сточных вод (раздел ОКЭД 90), услуг по организации отдыха и развлечений (раздел ОКЭД 92), прочих услуг (раздел ОКЭД 93).

Перечень услуг, подлежащих статистическому наблюдению, указывается в соответствии со Статистическим Классификатором Услуг.

Вновь созданные организации представляют статистическую информацию за период со дня регистрации до конца отчетного года.

В случае ликвидации или объявления предприятия банкротом, отчитывающаяся организация за последний отчетный период своей деятельности должна представить информацию на бланке годового отчета № 2-Услуги (годовая).

**1.2.** Органами статистики гарантируется Конфиденциальность получаемых отчетных данных в соответствии с Кодексом Республики Казахстан "Об административных правонарушениях" ст. 383. Лица, ответственные за составление и своевременное представление отчетности (в соответствии с Законом Республики Казахстан "О государственной статистике" (ст.15), несут дисциплинарную или административную ответственность за непредставление в соответствующие статистические органы установленной отчетности или представление ее с нарушением установленного срока, ошибками или недостоверными данными. Требования любой другой организации о представлении отчетов по формам, неутвержденным Агентством Республики Казахстан по статистике, являются незаконными.

**2. Указания по заполнению формы.**

Предприятия, имеющие основной вид деятельности в сфере услуг (разделы ОКЭД 70, 71, 72, 73, 74, , 90, 92, 93) представляют "Отчёт предприятий об оказанных услугах" по форме:

– 2-УСЛУГИ Годовая;

При заполнении формы государственной статистической отчетности необходимо придерживаться следующих общих требований:

в адресной части формы в строке "Кем представляется" указывается полное наименование отчитывающегося предприятия, учреждения;

в заголовочной части формы предприятие указывает наименование и адрес;

в кодовой части формы указывается код ОКПО – идентификационный код предприятия, проставляемый согласно статкарты;

## **Раздел 1. Объём выполненных услуг по основному виду деятельности.**

Основным видом деятельности предприятия является тот вид деятельности, добавленная стоимость которого превышает добавленную стоимость любого другого вида деятельности, осуществляемого предприятием. Основной вид деятельности фиксируется в уставных документах предприятия (организации).

В данном разделе отражаются сведения об объемах услуг, выполненных предприятием за отчетный период в соответствии со Статистическим Классификатором видов услуг. Эти данные представляют собой стоимость услуг, оказанных производителями услуг в размере средств, которые должны поступить от предприятий, учреждений или непосредственно от населения (домашних хозяйств) в уплату за оказанные им услуги по основному виду деятельности.

**В объем оказанных услуг включаются все затраты по предоставлению услуг в момент их вхождения в процесс производства, а не по времени их оплаты:**

- стоимость приобретенных со стороны сырья, основных материалов, с учетом транспортно-заготовительных расходов, которые входят в стоимость оказания услуг;
- стоимость покупных материалов и полуфабрикатов, используемых непосредственно в процессе производства услуг, а также расходуемых на другие производственные и хозяйственные нужды (проведение испытания, контроля и т.п.);
- затраты на приобретение топлива, используемое для ведения технологического процесса оказания услуг, а также стоимость всех видов покупной энергии (электрической, тепловой, сжатого воздуха, холода и др.);
- затраты, связанные с использованием природного сырья, в части отчислений на геологоразведочные и геологопоисковые работы и на рекультивацию земель, в части платы за древесину, отпускаемую на корню, платы за воду, забираемую из водохозяйственных систем.
- стоимость работ и услуг производственного характера, выполненных сторонними субъектами: выполнение отдельных операций, обработка сырья и материалов, контроль за соблюдением установленных технологических процессов и др.
- прочие материальные затраты;
- начисленная за отчетный период сумма амортизационных отчислений по всем видам основных средств, принадлежащих субъекту на праве собственности, хозяйственного ведения и оперативного управления, а также долгосрочно арендуемых основных средств;
- расходы на заработную плату, включая отчисления в накопительный пенсионный фонд, индивидуальный подоходный налог, социальные пособия работникам за счет средств предприятия, а также все расходы, производимые за счет средств предприятия, не учитываемые в фонде заработной платы;
- прочие расходы: сумма налоговых и других обязательных платежей в бюджет (без акцизов, НДС и других приравненных к ним платежей), суточные во время служебных командировок, представительские расходы, благотворительная помощь и др.;
- стоимость услуг непромышленного характера, выполненные сторонними организациями, такие как консультативные, по проведению исследований и обеспечению безопасности, реклама, услуги банков, страховых организаций, услуги фотографии, секретарские и т.п.;
- текущий ремонт, коммунальные услуги и т.д.

Отчётные данные данного раздела показываются в стоимостном выражении в тысячах тенге с одним десятичным знаком.

**В графе "А"** указываются наименования видов оказываемых услуг в разрезе разделов и классов по КПВЭД.

**В графе "Б"** указывается код строки, идентифицирующей вид услуги соответствующей классификационной группировки (последовательно в порядке возрастания).

**В графе "В"** Код вида услуг указывается в соответствие со Статистическим Классификатором услуг, цифровой код вида предоставляемых услуг в соответствии с КПВЭД.

**В графе 1 "Выполнено всего"** отражается общий объем услуг, выполненный по основному виду деятельности (включая объем услуг, выполненный в сельской местности, при наличии такого). Этот показатель представляет собой стоимость оказанных услуг на момент их выполнения, независимо от времени их оплаты (т.е. учёт объёма выполненных услуг ведется

по методу начисления). Стоимость оказанных услуг показывается в текущих ценах с учетом торговых и транспортных наценок.

Из этой суммы выделяется объем услуг, оплачиваемых за счёт средств бюджета, который показывается в графе 2. Средства, выделенные из бюджета - затраты на товары и услуги, текущие трансферты, кредиты и прочие затраты, которые выделены из госбюджета на обеспечение деятельности данного предприятия (учреждения) по оказанию видов услуг, указанных в договорах или иных законодательных актах. Сюда могут быть включены: заработная плата, служебные командировки, приобретение оборудования, приобретение форменного специального обмундирования, оплата коммунальных услуг, транспортных услуг, оплата электроэнергии и отопления, текущие и целевые трансферты, оплата прочих услуг, работ и т.п.

В графе 3 отражается объем услуг, выполненных по основному виду деятельности за счёт средств предприятия. В графе 4 показывается объем услуг, оплачиваемых за счёт собственных средств населения.

В графах 5-8 показывается объем услуг, выполненный в сельской местности (аналогично графам 1-4). В графе 9 показывается объем услуг, выполненный предприятием на территории другой области (города). По графе 10 следует показать код территории на которой были оказаны эти услуги

В строке 02 данного раздела указывается списочная численность работников в среднем за отчетный период, всего, человек.

В списочную численность работников по предприятию включаются все лица, принятые по индивидуальному трудовому договору, независимо от срока его заключения, кроме лиц, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера.

В численность работников, не состоящих в списочном составе организации (выполняющие работы по гражданско – правовым договорам), включаются работники, принятые по договору или контракту только на время выполнения определенных работ (разовых, специальных, хозяйственных, для выполнения конкретного объема работ и другие), осуществляемые без подчинения внутреннему распорядку организации.

## **Раздел 2. Вторичные виды деятельности.**

Вторичная деятельность - это отдельная деятельность, помимо основной, которая производит продукты для третьих лиц. Это означает, что выпуск продукции вторичной деятельности предназначается для продажи на рынке. Бухгалтерский учет по этим видам деятельности ведется индивидуально.

Здесь предприятие отражает сведения об объемах произведенной продукции (товаров, услуг) по вторичным видам деятельности, исключая данные, отраженные в разделе 1

В графе "А" данного раздела указываются наименования вторичных видов деятельности в соответствии с Классификатором видов экономической деятельности, далее ОКЭД (указываются наименования видов деятельности в разрезе 5-и знаков).

В графе "Б" указываются коды строк (последовательно в порядке возрастания).

В графе "В" указываются коды вторичных видов деятельности в соответствии с Классификатором видов экономической деятельности (ОКЭД), в разрезе 5-и знаков.

В графе 1 следует показывать объем произведенной продукции (товаров, услуг) за отчетный период (без НДС) (включая объем услуг выполненный в сельской местности) в тысячах тенге с одним десятичным знаком.

В графе 2 показывается объем услуг, работ, выполненный в сельской местности.

Графы 1-2 данного раздела заполняются в соответствующих строках вторичных видов деятельности.

## **Раздел 3. Наличие сети предприятий сферы услуг.**

В данном разделе отражаются сведения о наличии сети предприятий сферы услуг. Данный раздел включен в форму статистической отчетности « Отчет предприятий об объеме оказанных услуг», 2-УСЛУГИ Годовая.

**XXX**

С введением настоящих Указаний о порядке заполнения формы государственной статистической отчетности 2-УСЛУГИ отменяются ранее действующие Указания о порядке заполнения формы государственной статистической отчетности 2-УСЛУГИ годовой периодичности "Отчёт предприятий об объёме выполненных услуг", утвержденные приказом Агентства Республики Казахстан № 14-г от 10 июня 2005 года.



**"Кәсіпорындардың көрсеткен қызметтері туралы есеп"  
2-ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ Жылдық мемлекеттік статистикалық есептілік  
нысандарын толтыру тәртібі туралы нұсқаулар**

**1. Жалпы ережелер**

**1.1. Қызмет көрсету** – адамның немесе тұтастай алғанда қоғамның түрлі талаптарын қанағаттандыруға бағытталған қызмет, оны өндірушілер тұтынушылардың тапсырысы бойынша іске асырады және ол осы қызметтерді тұтынушы бірліктердің хал-жағдайын өзгертеді.

Қызмет көрсету дегеніміз – қызметтер мен коммерциялық істердің көп түрлілігі, олардың нәтижелері материалдық-заттық нысанға айналмайды және жаңа тұтыну құнын (өндірістің жаңа құралдары мен тұтыну заттарын) жасамайды.

Қызмет көрсетуді іске асыру мен оларды өндіру бір-бірінен ажырамайды. Қызмет көрсетуді өндірудің аяқталу кезі оларды тұтынушылардың пайдалану кезіне сай келеді.

Қызмет көрсету сатып алу, сату объектісі болып табылады, онда өндірушінің (қызмет көрсетушінің) шығындары олардан түскен түсім, мемлекеттік бюджеттің, ерікті жарналар немесе мемлекеттік әлеуметтік бағдарлама қаражаты, сондай-ақ кәсіпорындар мен халықтың қаражаты есебінен толық немесе едәуір мөлшерде жабылады.

**№2-Қызмет көрсету жылдық нысаны бойынша статистикалық есептілікті** жұмыс істеушілерінің санына қарамастан, қызметтерінің негізгі түрі жылжымайтын мүлікке (ЭҚЖС 70 бөлімі), операторсыз машиналар мен жабдықтарды жалға беруге (ЭҚЖС 71 бөлімі), есептеу техникасына (ЭҚЖС 72 бөлімі), зерттеу және дайындау саласындағы қызметтерге (ЭҚЖС 73 бөлімі), тұтынушыларға өзге де қызмет түрлерін көрсетуге (ЭҚЖС 74 бөлімі), ағынды суды жоюға (ЭҚЖС 90 бөлімі), демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша қызметтерге (ЭҚЖС 92 бөлімі), өзге де қызметтерге (ЭҚЖС 93 бөлімі) байланысты қызметтер саласында болатын заңды тұлғалар және олардың филиалдары табыс етеді.

Статистикалық байқауға жататын қызметтердің тізбесі Қызметтердің Статистикалық Сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

Қайта құрылған ұйымдар статистикалық ақпаратты тіркеуден өткізген күннен бергі кезең ішінде есепті жылдың соңына дейін табыс етеді.

Кәсіпорын таратылған немесе тоқырауға ұшырады деп жарияланған жағдайда есеп беруші ұйым ақпаратты өз қызметінің соңғы есепті кезеңі ішінде №2-Қызмет көрсету (жылдық) жылдық есеп бланкісінде беруі тиіс.

**1.2.** Статистика органдары Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" (383-бап) кодексіне сәйкес алынатын есептік деректердің құпиялылығын сақтауға кепілдік береді. Есеп статесептілікті табыс еткен кәсіпорын немесе мекеменің тұрған жері бойынша облыстық статистика органына табыс етіледі. Есептілікті жасауға және өз уақытысында табыс етуге жауапты адамдар Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңына (15-бап) сәйкес белгіленген есептілікті тиісті статистикалық органдарға табыс етпегені немесе белгіленген мерзімін бұзып, қателермен немесе нақты емес деректермен табыс еткені үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі бекітпеген нысандар бойынша есептерді табыс ету туралы кез келген басқа ұйымның талаптары заңсыз болып табылады.

**2. Нысанды толтыру бойынша нұсқау**

"Кәсіпорындардың көрсеткен қызметтері туралы есепті" қызметінің негізгі түрі қызмет көрсету саласындағы (ЭҚЖС 70, 71, 72, 73, 74, 75, 90, 92, 93 бөлімдері) кәсіпорындар мына нысандар бойынша табыс етеді:

- 2- ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ Жылдық;

Мемлекеттік статистикалық есептілік нысанын толтырған кезде мынадай жалпы талаптарды ұстану қажет:

нысанның мекен-жай бөлігіндегі "Кім табыс етеді" деген жолда есеп беретін кәсіпорынның, мекеменің толық атауы көрсетіледі;

нысанның тақырыбы бөлігінде кәсіпорын өз атауы мен мекен-жайын көрсетеді;  
нысанның кодтық бөлігінде мекеменің КҰЖС коды – идентификациялық коды көрсетіледі, ол статкартаға сәйкес қойылады.

### **1-бөлім. Негізгі қызмет түрі бойынша орындалған қызметтердің көлемі**

Кәсіпорынның негізгі қызмет түрі болып қосымша құны кәсіпорынмен жүзеге асырылатын қандай да болмасын басқа қызмет түрінің қосымша құнынан асатын қызмет түрі жатады. Негізгі қызмет түрі кәсіпорынның (ұйымның) жарғылық құжаттарында тіркеледі.

Бұл бөлімде кәсіпорынның есепті кезең ішінде Қызмет түрлерінің Статистикалық Сыныптауышына сәйкес орындаған қызметтерінің көлемі туралы мәліметтер келтіріледі. Бұл деректер өндірушілер негізгі қызмет түрі бойынша көрсеткен қызметтері үшін кәсіпорындардан, мекемелерден немесе тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) түсуге тиіс қаражат мөлшерінде көрсеткен қызметтердің құны болып табылады.

**Көрсетілген қызметтердің көлеміне** төлеу уақыты бойынша емес өндіріс процесіне енген сәтінен бастап **көрсетілген қызметтердің барлық шығындары кіреді:**

- қызмет көрсету құнына кіретін көліктік-дайындау шығыстарын есепке ала отырып, шикізат тарапынан алынған негізгі материалдардың құны;

- тікелей қызметтер өндірісі процесінде пайдаланылатын, сондай-ақ басқа да өндірістік және шаруашылықтық мұқтаждарға жұмсалатын (сынақ, бақылау жүргізу және т.с.с.) сатымдық материалдар мен жартылай дайын өнімдердің құны;

- қызмет көрсетудің технологиялық процесін жүргізу үшін қолданылатын отынды сатып алу шығындары, сондай-ақ сатып алынатын энергияның барлық түрлерінің (электр, отын, қысымдалған ауа мен суық ауа және т.б.) құны;

- табиғи шикізатты пайдалануға байланысты, бір бөлігі геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстарына, жерді қайта шұрайландыруға жасалған аударымдар, бір бөлігі тамырымен отырғызылған ағаш, су шаруашылығы жүйелерінен алынатын су үшін ақы төлеуге кеткен шығындар;

- шет субъектілердің орындаған өндірістік сипаттағы жұмыстары мен қызметтерінің құны: жекелеген операцияларды орындау, шикізат пен материалдарды өңдеу, белгіленген технологиялық процестердің сақталуын бақылау және т.б.;

- өзге де материалдық шығындар;

- меншік құқында субъектілер иелігіндегі негізгі құралдардың, шаруашылық жүргізу және шұғыл басқарудың, сондай-ақ ұзақ мерзімге жалға берілетін негізгі құралдардың барлық түрлері бойынша өтелімдік аударымдардың есепті жылы бөлінген сомасы;

- жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдарды, жеке табыс салығын, кәсіпорын қаражаты есебінен қызметкерлерге төленетін әлеуметтік жәрдемақыны, сондай-ақ кәсіпорын қаражаты есебінен өндірілетін, жалақы қорында ескерілмейтін барлық шығыстарды қоса, жалақы шығыстары;

- өзге де шығыстар: бюджетке төленетін салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің сомасы (акциздерсіз, ҚҚС-сыз және басқа да осы сияқты төлемдерсіз), қызметтік іс-сапар кезіндегі тәуліктік ақы, өкілдік шығыстар, қайырымдылық көмегі және т.б.;

- зерттеу жүргізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша кеңес беру, жарнама, банктердің, сақтандыру ұйымдарының қызметтері, фотосурет, хатшы қызметі және тағы сол сияқты шет ұйымдардың орындаған өндірістік сипаттағы қызметтерінің құны;

- ағымдағы жөндеу, коммуналдық қызметтер және т.с.с.

Бұл бөлімнің есептік деректері құндық мәнде бір ондық белгісі бар мың теңгемен көрсетіледі.

**"А" бағанында** ЭҚТӨС бойынша бөлімдер мен сыныптарда көрсетілген қызмет түрлерінің атаулары көрсетіледі.

**"Б" бағанында** сыныпталған топтамаға сәйкес, қызмет түрін сәйкестендіретін жолдың коды көрсетіледі (тізбектік есу ретімен).

**"В" бағанында** Қызмет түрлерінің коды Қызметтердің Статистикалық Сыныптауышына сәйкес, көрсетілетін қызмет түрлерінің цифрлық коды ЭҚТӨС-ке сәйкес көрсетіледі.

"Орындалғаны барлығы" деген **1-бағанда** қызметтің негізгі түрі бойынша орындалған қызметтердің жалпы көлемі көрсетіледі (бар болған жағдайда ауылдық жерде орындалған қызметтердің көлемін қоса). Бұл көрсеткіш оларды төлеу уақытына қарамастан көрсетілген қызметтердің орындалған кезіндегі құнын көрсетеді (яғни орындалған қызметтердің көлемін есепке алу есептеу әдісі бойынша жүргізіледі). Көрсетілген қызмет құны сауда және көліктік үстеме бағаны есепке ала отырып, ағымдағы бағада көрсетіледі.

Бұл сомадан бюджет қаражаты есебінен төленетін қызметтер көлемі **2-бағанда** көрсетіледі. Бюджеттен бөлінген қаражат – тауарлар мен қызметтерге кеткен шығындар, ағымдағы трансферттер, кредиттер және өзге де шығындар, олар шарттарда немесе өзге де заңнамалық актілерде көрсетілген осы қызметтер түрін көрсететін сол кәсіпорынның (мекеменің) қызметін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бюджеттен бөлінген. Мұнда: жалақы,

қызметтік іс-сапарлар, жабдық сатып алу, формалық арнайы мундирлер сатып алу, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, көлік қызметтеріне ақы төлеу, электр энергиясына және жылуға ақы төлеу, ағымдағы және мақсаттық трансферттер, өзге де қызметтерге, жұмыстарға ақы төлеу және т.с.с. кіруі мүмкін.

**3-бағанда** кәсіпорынның қаражаты есебінен орындалған қызметтердің көлемі көрсетіледі. **4-бағанда** халықтың өз қаражаты есебінен төленетін қызметтер көлемі көрсетіледі.

**5-8-бағандарда** ауылдық жерде орындалған қызметтердің көлемі көрсетіледі (1-4-бағандарға ұқсас). **9-бағанда** кәсіпорынның басқа облыс (қала) аумағында орындаған қызметтерінің көлемі көрсетіледі. **10-баған** бойынша осы қызметтер көрсетілген аумақтың коды көрсетілуі тиіс.

Осы бөлімнің **02-жолында** қызметтің негізгі түрі бойынша есепті кезеңдегі қызметкерлердің орташа тізімдік саны көрсетіледі, барлығы, адам.

Кәсіпорын бойынша қызметкерлердің тізімдік санына жұмысты азаматтық-құқықтық сипатты келісім-шарттар бойынша атқаратын адамдардан басқа жеке еңбек шарты бойынша, шартқа отыру мерзіміне қарамастан қабылданған барлық адамдар енгізіледі.

Ұйымның тізімдік құрамында жоқ қызметкерлер санына (жұмысты азаматтық-құқықтық шарттар бойынша орындайтын) ұйымның ішкі тәртібіне бағынбай жүзеге асырылатын белгілі бір жұмыстарды уақытша орындауға (біржолғы, арнайы, шаруашылық, жұмыстардың нақты көлемін орындауға және т.б.) тек шарт немесе келісім шарт бойынша қабылданған қызметкерлер қосылады.

### **2-бөлім. Қызметтің қосалқы түрлері**

Қосалқы қызмет – бұл негізгіден басқа, үшінші тұлғалар үшін өнім шығаратын бөлек қызмет түрі. Бұл қосалқы қызметтің шығарған өнімдері рынокта сатуға арналғандығын білдіреді. Осы қызмет түрлері бойынша бухгалтерлік есеп жеке жүргізіледі.

Осы бөлімде кәсіпорын 1-бөлімде көрсетілген деректерден басқа, қызметтің қосалқы түрлері бойынша өндірілген өнімнің (тауар, қызмет) көлемі жөніндегі мәліметтерді бейнелейді.

Осы бөлімнің **"А" бағанында** Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына, бұдан әрі ЭҚЖС, сәйкес қызметтің қосалқы түрлерінің атаулары көрсетілген (қызмет түрлерінің атаулары 5 белгі бойынша көрсетіледі).

**"Б" бағанында** жолдардың кодтары көрсетілген (тізбектік өсу ретімен).

**"В" бағанында** қызметтің қосалқы түрлерінің кодтары Экономикалық қызмет түрлерінің сыныптауышына (бұдан әрі ЭҚЖС) сәйкес 5 белгі бойынша көрсетілген.

**1-бағанда** есепті кезеңде өндірілген өнімнің (тауар, қызмет) көлемін (ҚҚС-сыз) (ауылдық жерде орындалған қызметтердің көлемін қоса) бір ондық белгісі бар мың теңгемен көрсеткен жөн.

**2-бағанда** ауылдық жерде орындалған жұмыстардың, қызметтердің көлемі көрсетіледі.

Осы бөлімнің 1, 2-бағандары қызметтің қосалқы түрлерінің тиісті жолдарында толтырылады.

### **3-бөлім. Қызмет көрсету саласы бойынша кәсіпорындар желілерінің нақты бары**

Осы бөлімде қызмет көрсету саласы бойынша кәсіпорындар желілерінің нақты бары туралы деректер көрсетіледі. Бұл бөлім «КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ ТУРАЛЫ» 2-нысан – ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ жылдық статистикалық есебіне қосылған.

### **XXX**

2-ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ мемлекеттік статистикалық есептілік нысанын толтыру тәртібі туралы осы нұсқаудың енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2005 жылғы 10 маусымдағы №14-г бұйрығымен бекітіліп, бұрын қолданылып келген "Кәсіпорындардың орындалған қызметтердің көлемі туралы есебі" 2-ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ жылдық мемлекеттік статистикалық есептілік нысанын толтыру тәртібі туралы нұсқаулар қолданыстан шығарылады.